

## Практика және мектеппен байланыс

**III. Практика және мектеппен байланыс** (оқу, педагогикалық, өндірістік және т.б.) / **Практика и связь со школой** (учебная, педагогическая, производственная и др.);

Университеттің 2019/2020 оқу жылының академиялық күнтізбесіне сәйкес 3,4 курс «5B011300-Биология», «5B060700-Биология мамандығының студенттері Алматы қаласы мектептерінде (3 курс 13.01.2020ж - 09.02.2020ж., 4 курс 16.09.2019ж - 09.12.2019ж және 13.01.2020ж - 26.04.2020ж аралығында) педагогикалық практикадан өтті.

Студенттердің практикасын жүйелі ұйымдастыру және жүргізу мақсатында педпрактиканың өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып практика базалары (Алматы қаласының №№2, 19, 30, 58, 62, 92, 98, 124, 128, 136, 143, 147, 148, 167, 168, 178, НЗМ мектептерінде профессор м.а. Избасарова Р.Ш., доцент Бекенова Н.А., аға оқытушы Қалыбаева А.М., аға оқытушы Бирталаев Е.К., п.ғ.к., доцент Демеуова Л.Н., аға оқытушы, магистр Джамилова С.М., аға оқытушы, магистр Камиева Г.С.) алдын ала тағайындалып, келісім-шарттар жасалды. 3, 4-курс студенттерінің кәсіби дайындығын жетілдіруге арналған педпрактика жоспары мен графигі (Хаттама №1, 01.09.2020ж) бекітілген.

Алматы қаласының базалық мектептермен және студент (студенттің ата-анасымен келісілген), университет арасында 3 жақты келісім-шарт жасалып, талаптары қарастырылған. Педагогикалық практиканың бағыт беру конференциясында (13.01.2020 ж.) 3 курс және (16.09.2019 ж.) 4 курс студенттеріне педагогикалық практика өтетін мектептері, әдіскерлер, педагогтар мен психологтар және практиканың мақсат-міндеттері таныстырылды. Студенттер конференцияда практикаға жолдама, практика күнделігін және практика тапсырмаларын алады.

3-курс «5B011300-Биология» мамандығы студенттері 13.01.2020ж - 09.02.2020ж. аралығында педпрактика өтті: НЗМ (әдіскер: оқытушы Ұлдахан Ш., педагог: п.ғ.к., доцент Сейдахметов Б.С., психолог: оқытушы Ауталипова Е.Н.), №178 лицей (әдіскер, аға оқытушы, магистр Камиева Г.С., педагог: п.ғ.к., доцент Сейдахметов Б.С., психолог: Райс Г.Б.), №128 жалпы білім беретін орта мектеп (әдіскер: аға оқытушы Қалыбаева А.М., педагог: п.ғ.к., доцент Сейдахметов Б.С., психолог: психол.ғ.к., доцент м.а Жигитбекова Б.Д.), №58 гимназия (әдіскер, аға оқытушы, магистр Камиева Г.С., педагог: п.ғ.к., доцент Сейдахметов Б.С., психолог: психол.ғ.к., доцент м.а Жигитбекова Б.Д.) , №62 гимназия (әдіскер: PhD, аға оқытушы Аманбаева М.Б., педагог: п.ғ.к., доцент Сейдахметов Б.С., психолог: оқытушы Ауталипова Е.Н.), №167 жалпы білім беретін мектеп (әдіскер: PhD, аға оқытушы Аманбаева М.Б., педагог: п.ғ.к., доцент Сейдахметов Б.С., психолог: оқытушы Ауталипова Е.Н.), №55 жалпы білім беретін мектеп (п.ғ.к., профессор Избасарова Р.Ш., педагог: п.ғ.к., доцент Сейдахметов Б.С., психолог: психол.ғ.к., аға оқытушы Абишева Э.Д.), №19 жалпы білім беретін орта мектеп (әдіскер: аға оқытушы, магистр Джамилова С.М., педагог: п.ғ.к., доцент Сейдахметов Б.С., психолог: психол.ғ.к., доцент м.а Жигитбекова

Б.Д.), №168 мектеп - гимназия (әдіскер: аға оқытушы Қалыбаева А.М., педагог: п.ғ.к., доцент Сейдахметов Б.С., психолог: психол.ғ.к., доцент м.а Жигитбекова Б.Д.), №98 жалпы білім беретін орта мектеп (әдіскер: аға оқытушы Бирталаев Е.К., педагог: п.ғ.к., доцент Сейдахметов Б.С., психолог: оқытушы Курманбекова М.Б.), №2 жалпы білім беретін орта мектеп (әдіскер: аға оқытушы Бирталаев Е.К., педагог: п.ғ.к., доцент Сейдахметов Б.С., психолог: оқытушы Курманбекова М.Б.), №143 жалпы білім беретін орта мектеп (әдіскер: аға оқытушы Бирталаев Е.К., педагог: п.ғ.к., доцент Сейдахметов Б.С., психолог: оқытушы Курманбекова М.Б.).

4-курс 5В011300-Биология», «5В060700-Биология» мамандығы студенттері 16.09.2019ж.-26.04.2020ж. аралығында өндірістік педагогикалық практикадан өтті: №128 жалпы білім беретін орта мектеп (әдіскер: аға оқытушы Қалыбаева А.М., педагог: п.ғ.к., доцент Киясова Б.А.), №147 жалпы білім беретін орта мектеп (әдіскер: аға оқытушы, магистр Джамилова С.М., педагог: п.ғ.к., доцент Киясова Б.А.), №167 жалпы білім беретін орта мектеп (әдіскер: аға оқытушы, магистр Камиева Г.С., педагог: п.ғ.к., доцент Киясова Б.А.), № 124 жалпы білім беретін мектеп (әдіскер: аға оқытушы, магистр Джамилова С.М., педагог: п.ғ.к., доцент Киясова Б.А.), № 24 жалпы білім беретін мектеп (әдіскер: аға оқытушы, магистр Джамилова С.М., педагог: п.ғ.к., доцент Киясова Б.А.), М. Ганди атындағы №92 мамандандырылған лицей (әдіскер: п.ғ.к., доцент Демеуова Л.Н., педагог: п.ғ.к., доцент Киясова Б.А.), №136 жалпы білім беретін мектеп (әдіскер: аға оқытушы, магистр Джамилова С.М., педагог: п.ғ.к., доцент Киясова Б.А.), №143 жалпы білім беретін орта мектеп (әдіскер: аға оқытушы Бирталаев Е.К., педагог: п.ғ.к., доцент Киясова Б.А.), №148 жалпы білім беретін орта мектеп (әдіскер: п.ғ.к., доцент Демеуова Л.Н., педагог: п.ғ.к., доцент Киясова Б.А.), № 2 жалпы білім беретін орта мектеп (әдіскер: аға оқытушы Бирталаев Е.К., педагог: п.ғ.к., доцент Киясова Б.А.), № 12 мамандандырылған гимназия (әдіскер: аға оқытушы Қалыбаева А.М., педагог: п.ғ.к., доцент Киясова Б.А.), №168 мектеп - гимназия (әдіскер: аға оқытушы Қалыбаева А.М., педагог: п.ғ.к., доцент Киясова Б.А.), № 98 жалпы білім беретін орта мектеп (әдіскер: аға оқытушы Бирталаев Е.К., педагог: п.ғ.к., доцент Киясова Б.А.) № 172 жалпы білім беретін орта мектеп (әдіскер: аға оқытушы Бирталаев Е.К., педагог: п.ғ.к., доцент Киясова Б.А.), №19 жалпы білім беретін орта мектеп (әдіскер: аға оқытушы, магистр Джамилова С.М., педагог: п.ғ.к., доцент Киясова Б.А.), №30 Д.Снегин атындағы жалпы білім беретін мектеп (әдіскер: аға оқытушы, магистр Камиева Г.С., педагог: п.ғ.к., доцент Киясова Б.А.); *Еңбекпен қамту бағдарламасына байланысты жұмыс беруші мекемелерге жіберілген* 5В011300-Биология Мамандығының студенттері: Педагогикалық практикадан жергілікті жерден 4 студент өтті: 5В011300-Биология мамандығының студенттері: Құнанбай Мөлдір Бақытқызы (№ 84 жалпы білім беретін орта мектеп, әдіскер: п.ғ.к., доцент Демеуова Л.Н., педагог: п.ғ.к., доцент Киясова Б.А.), Нурбаева Ажар Саятовна (Еуразия лицейі – мектеп, әдіскер: аға оқытушы Қалыбаева А.М., педагог: п.ғ.к., доцент Киясова Б.А.), Оразбай Арайлым Мақсұтқызы (№ 198 жалпы білім беретін

орта мектеп, әдіскер: аға оқытушы Бирталаев Е.К., педагог: п.ғ.к., доцент Киясова Б.А.). өздері жұмыс жасайтын мектептерде педагогикалық практикадан өтті.

5B060700-Биология мамандығы студенттері 16.09.2019-09.12.2019 ж аралығында Алматы қаласы базалық мектептерінде педагогикалық практикадан өтті: №62 гимназия (әдіскер: аға оқытушы, магистр Камиева Г.С., педагог: п.ғ.к., доцент Киясова Б.А.), №58 жалпы білім беретін мектеп (әдіскер: аға оқытушы, магистр Камиева Г.С., педагог: п.ғ.к., доцент Киясова Б.А.), №143 жалпы білім беретін орта мектеп (әдіскер: аға оқытушы, магистр Камиева Г.С., педагог: п.ғ.к., доцент Киясова Б.А.), №19 жалпы білім беретін орта мектеп (әдіскер: аға оқытушы, магистр Джамилова С.М., педагог: п.ғ.к., доцент Киясова Б.А.). 13.01.2020ж - 26.04.2020ж аралығында Алматы қаласы адам және жануарлар физиологиясы институтында өндірістік практикадан өтті.

3, 4 курс «5B011300-Биология», «5B060700-Биология» мамандықтары студенттерінің педагогикалық практика барысы туралы кафедра отырыстарында (2019-2020 о.ж. Хаттама № 1, 01.09.2019 ж., Хаттама № 4, 27.02.2020ж, Хаттама №7, 30.03.2020ж.) қаралды.

Педагогикалық практика барысында студенттер университет қабырғасында алған теориялық білімдерін тереңдетті. Мұғалімінің жұмысымен танысып, алғашқы дағдыларын меңгерді. Студент-практикант оқыту пәнінің әдістемелік негіздерін үйреніп бейімделді, алға қойған мақсатқа жеткізуде дидактикалық ұстанымдарын басшылыққа алып, оқыту әдістерін, пән бойынша дидактикалық материалдар мен көрнекі құралдарды дәлдікпен таңдауды үйренді, биология пәнінен өзі өткізген сабақтары мен басқа да студенттердің өткізген сабақтарына ғылыми-әдістемелік тұрғыдан талдау жасауды үйренді. Практика барысында пән мұғалімдері студенттерге оқу-әдістемелік көмектер көрсетті.

Сынақ сабақтарында студент-практиканттар өтілетін сабағы ұлттық дәстүрге, пәнаралық байланысқа оқытудың техникалық құралдарын пайдалануға, интерактивті тақтаны пайдаланып презентация сабақта аралас сабақ, зертханалық, ойын сабағы, сайыс сабағы, АҚТ, қорытынды сабақ өткізді, саралап деңгейлеп оқыту, «Сәйкестендіру», «Ыстық орындық» әдісі, сын тұрғысынан ойлау т.б. технологияларды қолданды, сабақты бекіту барысында жаттығулар мен есептер орындатуға көп көңіл бөлді және кроссвордтар мен сканвордтар, тесттік тапсырмалар сөзжұмбақтарды әр қатарға дайындады, көрнекіліктерді мол және тиімді пайдалануға тырысты. Тәжірибелік жұмыстар, бақылау жұмыстары, тақырыптық сынақтар, қолданбалы сипаттағы тапсырмаларды проблемалық шешу, 11-сынып оқушыларын ҰБТ тапсырмаларын орындауға, 7,8,9,10 сынып үлгерімі төмен оқушыларға қосымша түсіндіру жұмыстарына ат салысты. Жаңартылған мазмұндағы бағдарламамен ҚМЖ, ОМЖ, ҰМЖ үйренді. Зертханалық жұмыстарды ұйымдастыру барысында теорияны тәжірибе арқылы меңгеру, ойлау, зерттеу және қарым-қатынас дағдыларын дамыту және қалыптастыру, білуге құмарлық, ғылыми түсінікті дамыту, тәжірибелік

әрекет, қоршаған орта туралы ой-өрісін кеңейту жүзеге асырды. Өзіндік жұмыстың мынадай негізгі түрі бойынша жұмыстар жүргізілді: жаттығу, зерттеу және тәжірибелік жұмыстарды орындау, өзіндік тексеру жұмыстары, бақылау жұмысы, тест тапсырмалары, үй тәжірибесі, бақылау, зертханалық жұмыс, тақтамен, қосымша әдебиетпен жұмыс, ақпараттық технология қолдану.

Сонымен бірге студенттер практика барысында интерактивті тақтаның мүмкіншіліктерін кеңінен қолданып, онлайн режимде де қоғамдық жұмыстар атқарды, атап айтсақ әр студент Bilim lend сайтында күн сайын кіріп, ақпараттармен танысып отырды.

Студенттер практика барысында сыныптан тыс жұмыстар мен модераторлық қызметтер де атқарды.

Кафедрада ұйымдастырылған педагогикалық практиканың қорытынды конференцияда 3 курс (10.02.2020 ж.), 4 курс (21.04.2020ж.) студенттер практика барысында атқарған жұмыстары туралы есеп берді.

21 сәуір 2020 жылы жаратылыстану және география институтының «5B011300-Биология», 5B060700-Биология" мамандықтары 4-ші курс студенттерінің педпрактикасының қорытынды онлайн-конференциясы Zoom бағдарламасымен болып өтті.

Онлайн-конференцияға 4 курс студенттері, өздерінің 2020 жылдың 16-ші қыркүйектен 20-ші сәуірге дейінгі педагогикалық практика өту кезеңінің есептерін онлайн-презентациялады. Педагогикалық практикадағы жетістіктері мен проблемалары жайлы айтып, ұстаздық қызметте болу әсерлері туралы айтты.

Педпрактика барысында 4 курс студенттері диплом жобаларының эксперименттік жұмыстарын да жүргізді, бақылау, әңгімелесу, анкета жүргізу сияқты ғылыми материалдарын жинап, талдау жасайды. Кафедра әдіскерлері студенттерге кеңес беріп отырды. Практика барысында жинақталған деректер студенттердің диплом жұмыстарының негізі болып табылады. Осы практика студент-практиканттардың ғылыми ізденістерінің артуына қолайлы жағдай туғызды.

Практика барысында студенттер сабақтың әртүрлі типтерін өткізіп біліктіліктерін жетілдірді. Жаңа материалды меңгеру, білімдерін тексеру және бағалау, аралас сабақтар өту, т.б. Әртүрлі әдістерді: сөздік, көрнекілік, практикалық әдістерді пайдаланды. Жаңа сабақты түсіндіруге көп көңіл бөлінді. Барлық студенттер интерактивті тақтамен жұмыс жасады. Оқушылардың ойлау қабілеттерін арттыруға тырысты. Барлық мектептерде (биологиялық) тақырыптарға жалпы мектептік іс-шаралар ұйымдастырылды.

Жүргізілген практиканың қорытынды есептері, папкалары қабылданып, тиісті бағалары қойылды, барлығы «өте жақсы» және «жақсы» деп бағаланды.

Мектептерде педагогикалық практиканы өткізуге толық мүмкіндік бар. Сыныптар тобы жеткілікті, мектеп мұғалімдері жоғары санаттағы тәжірибелі, маманданған әдіскер мұғалімдер.

Практика уақытында студент-практиканттар 6-11 сынып аралығындағы барлық сыныптарда сабақ өткізіп үлгереді. Әрбір студент практика барысында орташа есеппен 35-40 сағат көлемінде сабақтар жүргізді. Әрбір

сабақ студенттер, әдіскерлер мен пән мұғалімдері қатысумен талданып, кемшілігі мен жетістігі ажыратылып, дер кезінде ақыл-кеңес беріліп, бағаланып отырды. Әрбір студентке сабаққа толық талдау жасауға жеке дәптер арнау керектігі айтылып, онда қандай мәселелерге көңіл аудару жайлы нұсқаулар беріледі. Әрбір өткізілген сабақ қажет деген көрнекіліктермен, дидактикалық материалдармен қамтамасыз етіліп, қосымша хрестоматиялық және ғылыми – танымдық ақпараттармен толықтырылып отырылады. Ол үшін кафедрадағы және мектептегі барлық оқу материалдары пайдаланылды (карталар, сызбалар, видео және электронды оқулықтар). Сондай-ақ өту барасында білім берумен қатар, үздіксіз экологиялық, экономикалық және патриоттық тәрбие беру мәселесі басты назарда ұсталынды.

***Мектеппен байланыс – кәсіби бағдар беру жұмыстары (мектептер саны, өткізілген іс-шаралар)***

2019/2020 оқу жылында оқу жүктемесі бойынша мектеппен байланыс орнату аясында 240 сағат кафедраның профессор-оқытушылар құрамына жүктелген (Демеуова Л.Н., Жумагулова К.А., Избасарова Р.Ш., Бекенова Н.А., Джамилова С.М., Калыбаева А.М., Бирталаев Е.К., Камиева Г.С.).

Мектеппен байланыс орнату аясында кафедра профессор-оқытушылар құрамының ұйымдастыруымен Алматы қаласының № 98, 143, 147, 168, 178, 56 «Дарын» мектептерімен Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Алматы қаласының № 12, 19, 168, 178, Қарғалы мамандандырылған №2 мектептерімен келісім шарт жасалып "Базалық кафедралар" ашылды.

Биология кафедрасының әдіскерлері базалық кафедралар мен меморандумға отырған мектептердің мұғалімдерімен бірігіп оқу-әдістемелік семинарлар өткізді, оқулықтар, оқу құралдары, жоба жұмыстарына бірлесіп жетекшілік ету, пікір беру жұмыстарын атқарды.

Алматы қаласының базалық орта мектептерімен (№№2, 19, 30, 58, 62, 92, 98, 124, 128, 136, 143, 147, 148, 167, 168) педагогикалық практика өтуге арналған студент, мектеп, университет арасында үш жақты келісім-шарттар жасалып, 3 курс (13.01.2020ж - 09.02.2020ж. аралығында) және 4 курс (16.09.2019ж - 09.12.2019ж, 13.01.2020ж - 26.04.2020ж аралығында) студенттері педагогикалық практикадан өтті. Практика барысында кафедра әдіскерлері (Демеуова Л.Н. – №58 ЖББМ, Жумагулова К.А. – № 143 мектеп-лицей, Избасарова Р.Ш. – «Дарын» мектебі, Бекенова Н.А. – № 55 ЖББМ, Джамилова С.М. – № 136 ЖББМ, Калыбаева А.М. – № 168 мектеп-гимназия, Бирталаев Е.К. – № 98 ЖББМ, Камиева Г.С. – № 178 лицей) мектеп мұғалімдері мен студенттерге оқу-әдістемелік көмектер көрсетті.

2019/2020 оқу жылында «Балдәурен» – Қапшағай республикалық оқу-сауықтыру орталығы ұйымдастырған «Биология пәнін оқытудағы инновациялар» атты Республикалық тәжірибе алмасу семинарында кафедра профессор-оқытушылары (Жумагулова К.А., Демеуова Л.Н., Бирталаев Е.К.,) өз іс-тәжірибелерімен бөлісті.

Кафедра әдіскерлерінің ұйымдастыруымен институт, университет және республика деңгейінде оқу-әдістемелік семинарлар, форумдар жәрменкелер өтті:

- "Бос орындар жәрменкесі" Республикалық онлайн вебинар, 02.05.2020, Zoom, идентификатор 83448465909, пароль 646783 (3 сағат);

- "Талапкер 2020" Жаратылыстану және география институтының "Ашық есік күні" 06.05.2020, Zoom, идентификатор 83725809168, пароль 699134 (3 сағат);

- "Талапкер 2020" Республикалық онлайн форум. Жаратылыстану және география институтының "Ашық есік күні" 14.05.2020, [meet.google.com/sua-ewki-vug](https://meet.google.com/sua-ewki-vug) (3 сағат).

ҚР БҒМИ сұраныс хаты бойынша Избасарова Р.Ш. 07.10-16.10.2020 ж. аралығында қалалық Жас натуралистер станциясында өткен ҚР қосымша білім беру мекемелерінің қызметкерлері мен мектеп мұғалімдеріне «Организация и проведение активных видов детско-юношеского туризма» тақырыбында дәрістер мен оқу-әдістемелік семинарлар өткізді (бағдарламасы беріледі).

Аға оқытушы Қалыбаева А.М. 5.02.2020 ж. № 168 мектеп – гимназиясында қалалық оқу-әдістемелік семинар ұйымдастырды. Семинарда кафедра профессоры Бабашев А.М. «Жасөспірімдердің дамуына кері әсер ететін зиянды тағамдар» тақырыбында және магистранттар Байгутова Н., Мақсот А. «Жас жеткіншектердің даму ерекшеліктері» тақырыбында баяндамалар жасады. Семинарда тақырыпқа байланысты жасөспірімдердің дамуына қазіргі заманауи көп қолданыста болып жүрген тағамдардың түрлеріне тоқталып, олардың пайдасы мен кері әсерлері туралы көп мәліметтер берілді, дайындаған презентациялар көрсетілді. Ұйымдастырушылар мен оқушылар арасында сұрақ-жауаптар, әңгімелесу, баяндау, бейнелеу-демонстрациялау әдісі қолданылды, кең пікір таласу өтті.

Шығармашылықты зерттеу ізденістері кез-келген мамандықтың ажырамас бөлігі, осыған байланысты оқушыны ғылыми зерттеу іс-әрекеттеріне баулу, оларды зерттеушілік білік пен дағдыға үйрету мақсатында кафедра оқытушылары қалалық және аудандық мектептерде оқушылардың ғылыми жобалық жұмыстарына жетекшілік, ғылыми жобаларға пікір жазу (Жумагулова Қ.А., Избасарова Р.Ш., Демеуова Л.Н.),

Қауым.прфессор Избасарова Р.Ш. Қарғалы мамандандырылған №2 мектебінің 9 сынып оқушыларына ғылыми жұмыстарды орындауға консультациялар жүргізді және осы мектептің 2 оқушысының жоба жұмыстарына жетекшілік атқарып, оқушылар (Кашкарова Валерия - 9 «В» класс, научный проект «Влияние загрязнения воды на здоровье человека», Масанова Елдана - 9 «В» класс, научный проект «Влияние загрязнения атмосферного воздуха на состояние растительного покрова») Талдықорған қаласында 5-8 желтоқсан 2019ж.өткен "Дарын" Республикалық ғылыми жобалар конкурсына қатысты.

Избасарова Р.Ш. РНПЦ «Дарынның» сұраныс хаты бойынша 31 қазан - 2 қараша 2019 ж. өткен «Дарынды балаларға – талантты ұстаз» мұғалімдерге

арналған конкурс жұмыстарына қатысты және Алматы қаласында 9-11 қараша 2019 ж. өткен «Лучшая авторская программа» мектеп мұғалімдеріне арналған конкурс жұмыстарына қатысты.

Избасарова Р.Ш. 28.02.2020 ж. өткен Алматы облысы Қарасай ауданы Алмалыбақ ауылының гимназия-мектебінде аудандық мектеп оқушыларының ғылыми жобаларының конкурсында жюри болып қатысты.

Демеуова Л.Н. Алматы қаласы бойыншы мектеп аралық химия пәні бойынша Юниор олимпиадасында қазылар алқа мүшесі, химия пәні бойынша Дарынды балалар қалалық олимпиадасына қазылар алқасының төрайымы жұмыстарын атқарды.

Биология кафедрасының Алматы қаласындағы базалық № 168 мектеп-гимназиясы, №178 лицей, НЗМ, №12 гимназия, №98, №19, №136 гимназия, №2, №124 орта мектептерінің ұжымы (биология пәні мұғалімдері) «5B011300-Биология», «5B060700-Биология», 6B015-Жаратылыстану ғылыми пәндер бойынша мұғалімдерді даярлау (Биология), 7M015-Жаратылыстану ғылыми пәндер бойынша педагогтарды даярлау (Биология) мамандығы (2 жылдық), магистратура, 7M015- Жаратылыстану ғылыми пәндер бойынша педагогтарды даярлау (Биология) мамандығы (1,5 жылдық), магистратура, 8D015-Жаратылыстану ғылыми пәндер бойынша педагогтарды даярлау (Биология) (докторантура) мамандықтарының бағдарламаларын талдауға қатысып, өз ұсыныстарын білдірді.

2019-2020 оқу жылы барысында кәсіптік бағдар беру мақсатында жылдық атқарылатын жұмыстардың негізгі жоспары құрылып, белгіленген жоспар бойынша төмендегідей іс-шаралар мен жұмыстар атқарылды. Алматы, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстарының орта мектеп 11-сынып оқушыларымен кәсіптік бағдар беру мақсатында аға (оқытушы Бирталаев Е.К.) кездесулер өткізді; Zoom, <https://us04web.zoom.us/j/3948194631>; Zoom платформасында); "Бос орындар жәрмеңкесі" Республикалық онлайн вебинар, 02.05.2020, "Талапкер 2020" Жаратылыстану және география институтының "Ашық есік күні", 06.05.2020, "Талапкер 2020" Республикалық онлайн форум. Жаратылыстану және география институтының "Ашық есік күні" 14.05.2020, [meet.google.com/sua-ewki-vug](https://meet.google.com/sua-ewki-vug) (3 сағат). "Мен табысқа қалай жеттім?" Меценат Дулат Тастекеевпен кездесу ұйымдастырылды 01.05.2020, Бітіруші сынып оқушыларымен және сынып жетекшілерімен «ҰБТ, қанша пәнді тапсыру?», «Шығармашылық емтихандар», «Оқуға қабылдау ережесіндегі жаңалықтар» және т.б. тақырыптарда оқу-әдістемелік семинарлар ұйымдастырылды. Кафедраның жарнама буклеттері жасалынып, кәсіптік бағдар беру жұмыстары атқарылды.

**Назарбаев зияткерлік мектебімен (НЗМ) келісім-шарт** жасалып, байланыс жұмыстары жүргізіліп келеді. 2019-2020 оқу жылында "5B011300-Биология" мамандығының 11 студенті педпрактикадан өтті.

НЗМ биология пәні мұғалімдері педагогикалық практика барысында өздеріне бекітілген студенттерге үнемі CLIL технологиясын сабақта қолдануға байланысты оқу-әдістемелік көмектер (қосымша лекциялар,

тернингтер, семинар) көрсетеді. Оқу әдістемелік семинар, тренингтер тақырыптары: Абилкаиров Сакен - Зияткерлік мектептерде үш тілде оқытудың әдіс-тәсілдері, Шәмейұлы Ерболат – Критериалды бағалаудың кіріктірілген моделі, Арыстанова Гульжихан - Мұғалім тәжірибесінде қолданылатын жаңа әдіс-тәсілдер., Муталханов Мейрамбек, Темірхан Бақытжан – Критериалды бағалау жүйесі, Демежанова Гульнафис, Оспанкулова Эльмира - CLIL технологиясын сабақта қолдану, Бахтыбаева Майра, Аскарова Аякөз, Нұрғалиев Нұрым, Спан Амина, Бейсенбаевна Гульмира – сабақтың мақсатына байланысты дескрипторлар құру.

- 14.01.2020 ж. Алматы қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі, биология пәні мұғалімі Оспанкулова Эльмира 4 курс студенттеріне “CLIL технологиясын сабақта қолдану” тақырыбында;

- 15.04.2020 ж. “Қашықтықтан оқыту - заманауи білім беру формасы” атты Республикалық ғылыми-әдістемелік вебинарда Алматы қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі, биология пәні мұғалімі Нурғалиев Нұрым – “Бағалауды қалыптастыру” тақырыбында;

- 19.05.2020 ж. «Білім беруді дамыту тенденциялары: инновациялық оқу бағдарламалары және тәжірибе» атты республикалық ғылыми-әдістемелік вебинарда «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының аға менеджері, Алматы қаласы филиалы Қалдарова Қарлығаш Исақызы «Мұғалім тәжірибесінде қолданылатын жаңа әдіс-тәсілдер» тақырыбында баяндама жасады.

2) *Оқытушылардың сабақ өткізуге кешігіп келген фактілері немесе себепсіз сабақ өтілмей қалғандары анықталған - жоқ.*

3) *Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру және бақылау.*

Бұл жұмыс түрі сабақ кезіндегі ағымдық бақылау түрінде және сессиялар арасындағы бақылау түрінде өтеді. Бұл мәселе жұмыс жоспарына міндетті түрде енгізіледі және кафедра мәжілісінде талқыланады. Кафедрада сонымен бірге СӨЖ ұйымдастырылады және оған бақылау жүргізіледі. Студенттердің ағымдық үлгерімі бірінші, екінші және қорытынды бақылау кезеңдерінен тұрады. Бақылаудың барлық түрі жазбаша және ауызша тапсырмалардан, пәндерге арналған тестілік сұрақтардан, карточкалардан, баяндама немесе басқандай тапсырмалардан құрастырылады. Бірінші курс студенттерімен барлық категориядағы оқытушылар жұмыс істейді, оның бір түрі осы студенттермен өзіндік жұмыс ұйымдастыру және қосымша сабақ өткізу, сонымен бірге 1 курс студенттеріне әдебиеттермен қалай жұмыс істеу, конспект жазуға дағдыландару, рефераттарды қалай рәсімдеу және тағы басқа және осындай сипаттағы жұмыстар жасалады.

4) *Кредиттік жүйемен жұмыс істеу:*

Контактілік сағаттар, СӨЖ, СОӨЖ.

Студенттердің өзіндік және студенттердің оқытушылармен өзіндік жұмысына кафедраның барлық мүшелері тартылады. Олардың әрқайсысында осы жұмыстардың тақырыбы және өтетін мерзімі туралы мәліметтер болады.

Күндізгі бөлімнің 1,2,3,4 курс студенттері кредиттік технология жүйесімен оқиды. 1,2,3,4 курстарға сабақ беретін (кафедраның толық ПОҚ



құрамы) оқытушылар өз пәндері бойынша студенттер үшін силлабус жасап, жұмыс бағдарламаларын жаңартты.

5) Магистранттардың дипломдық практикаларын жоспарлау және ұйымдастыру.

Бекітілген тақырыпқа сай магистранттардың барлық практикалары кафедраның жұмыс жоспарына сай жүзеге асырылды..

Магистранттардың ЖОО-ның практикасы жоғары оқу орындарында сабақ берудің әдістеріне баулу мақсатында жүргізіледі. Оны жүзеге асыру оқу жоспарында айқындалған мерзімде және жеке жоспарлары негізінде өтеді. ЖОО-ның практикасының міндеттері:

- магистранттардың теориялық білімдерін тереңдету және бекіту және оларды нақты шешімде қолдану;

- оқытушыға қажетті арнаулы, кәсіби дағдылар мен біліктілікті қалыптастыру (өткізетін сабақтарының білімдік, дамытушылық және тәрбиелік қырларын анықтай білу және оқу материалының мазмұнын дұрыс таңдай отырып студенттердің жастық және психологиялық мүмкіндіктеріне сай оқыту құралының ең тиімді әдістемелерін таңдауға машықтану);

- әртүрлі типтік және жұмыс бағдарламаларын құрастырудың және көп қырлы оқу-тәрбие жұмысының құжаттамаларын дұрыс жүргізе алу;

- оқытушының әлеуметтік-белсенді позициясын қалыптастыру (педагогикалық жұмысқа ізденістік шығармашылықтық тұрғыда қарау);

- аудиториялық және аудитоиядан тыс сабақтар жүргізудің әртүрлі формаларын енгізу (жаңа инновациялық технологияларды қолдану).

Магистрант оқу процесіне қатысады және жетекшісі мен кафедра мүшелерінің қатысуымен белгіленген көлемде аудиториялық сабақтар өткізеді.

Әрбір магистрант оқу үрдісіне қатысты және жоғарыдағы талап бойынша сабақтар өткізді. Магистранттардың өндірістік практикасы оқу процесінде алған теориялық білімін бекітуге, практикалық дағды мен компетенцияның қалыптасуына және озық тәжірибені игеруіне бағытталды. Педагогикалық практика магистранттардың оқу жоспарларында белгіленгендей 3 семестрде 5 апта мерзімі ішінде орындалды.

Өндірістік практиканы жоспарлау және ұйымдастыру диссертанттың тақырыбына байланысты болады. Кафедрада университеттен тыс ұйымдармен практика өткізу жөнінде келісім-шарттар бар. Осы келісімдердің негізінде Биология мамандығының 34 магистранттының тең жартысы практиканы ғылыми-зерттеу институттарында (Ботаника ҒЗИ, Биология және биотехнология институты, Микробиология және вирусология институты, Көкөніс және картоп өсіру институты) өткізді, қалған жартысы практикаларын кафедраларының лабораторияларында өткізді.

Магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының міндеттері:

- магистрлік диссертацияда қорғалатын таңдаған тақырыптың өзектілігі биология салаларының негізгі проблемасына сәйкес келуі;

- ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығының болуы;

- отандық және елдік биология ғылымы мен практиканың қазіргі кезеңдегі теориялық, әдістемелік, технологиялық жетістіктеріне сүйену;
- ғылыми зерттеудің қазіргі замандағы әдістерін қолдану арқылы орындау.

Магистранттардың ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижесі магистрлік диссертация болып табылады.